

"Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 17/201-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 желтоқсанда № 3135 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 487-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 5-тармағына, «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 5675) сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. «Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 2523, 2010 жылғы 1 ақпандағы № 16 «Дидар», 2010 жылғы 2 ақпандағы № 16 «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін: аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. «Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы» 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV шешімге өзгеріс енгізу туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 9 қазандағы № 14/167-V шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ШЫҒЫС

Қазақстан

ОБЛЫСТЫҚ

МӘСЛИХАТЫНЫҢ

2013

ЖЫЛҒЫ

11

ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ

№

17 / 201 - V

ШЕШІМІНЕ

ҚОСЫМША

Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

| № | Арнаулы су пайдаланудың түрі | Өлшем бірлігі | Төлемақы ставкалары,* теңге |
|--|---|----------------------|-----------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Ертіс өзені бассейні | | | |
| 1 | Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер | теңге/1000 тек.м | 77,3 |
| 2 | Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса | теңге /1000 тек.м | 222,3 |
| 3 | Ауыл шаруашылығы | теңге /1000 тек.м | 62,6 |
| 4 | Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары | теңге /1000 тек.м | 62,6 |
| 5 | Су энергетикасы | теңге /1000 кВт.сағ. | 23,3 |
| 6 | Су көлігі | теңге /1000 т. км | 8,6 |
| Балқаш және Алакөл өзен мен көлдері бассейні | | | |
| 7 | Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер | теңге/1000 тек.м | 71,2 |
| 8 | Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса | теңге /1000 тек.м | 196,5 |
| 9 | Ауыл шаруашылығы | теңге /1000 тек.м | 56,5 |
| 10 | Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары | теңге /1000 тек.м | 54,0 |
| 11 | Су энергетикасы | теңге /1000 кВт.сағ. | 20,9 |
| 12 | Су көлігі | теңге /1000 т. км | 6,1 |

* Ескерту: төлемақы ставкалары Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жыл сайын жариялайтын, сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі индексін ескере отырып есептеледі.